



## Киноға бергісіз өмір

Ата-анасының өмірі жырдай болғанымен, оның қалтарыс-құпиясын Ләйлә кеш білді. Бала кезінде анасы тіс жарып, сыр шашпайтын. Түп-тұқиянын білу, әкенің өр тұлғасын тану бойжеткен соң бұйырған. Бұл тек ата-ана тағдыры емес, туған жер, өскен ел бастан кешкен тарихи дәуірдің өзгерісі еді. Бекназар болыстың ұлы Ақназар 1906 жылы Жетісу уезінде туған. Жетісуда Кеңес өкіметі әбден орнап, колхоз құрылып, ұжымдастыру науқаны жүргенде дәулетті тұқым, жекеменшік талауға түсіп, кәмпескеге ұшырайды. Мал ашуы – жан ашуы. Ақназар тауға тығылып, қызыл өкіметке қарулы қарсылық білдірген. Ол бірде қолға түскен жап-жас жауынгерді босатып жібереді. Мейір бар жерде өмір шуақ төгеді. Тағдыр жазуымен бұл ісі нағыз драмаға бастайды.

Бекназар болыс қайтыс болып, марқұмның сүйегін қасақана жерлетпей, аптап күн астында ұстаған жаңа өкімет мүшелері Ақназарды әке қазасына тосады. Ақназар ата салтын қалт жібермес еді, торуыл екенін түсініп, жаназаға келмейді. Қызыл әскер ауылды қоршап, өлген адамды үш күн қоршылықта жатқызып қояды. Бұл имансыздық ағайын-туыстың сүйегіне қатты батты. Тірісінде қайынатасының көзіне тіктеп қарамайтын екі келіні күзетші қос солдаттың көңілін тауып алдарқатып, түнде мәйітті ұрлап әкетіп, сайға көмеді. Қазақ үшін аруақты күңірептуден асқан жаманат жоқ. Бекназар бидің сүйегі жер қойнына берілгенімен, аңдыған жау ауылдан кетпей қояды. Туыстарын киіз үйде қамап ұстап отырғанын естіп, балашағаны аман сақтау үшін Ақназар өзі келіп қолға түсуге мәжбүр болды. Суықтөбеден Ұзынағашқа шейін Ақназарды жалаңаяқ айдап әкелгенде, табан терісі ойылып түскен екен. Ұзынағашта тергеуші Ақназарға: «Мені таныдыңыз ба?» – деп сұрайды. Ол жастығын ажалға қимай, тірі жіберген жігіт болып шықты. Тергеуші барымташы, дүкен тонаушы, қылмысы құлаш-құлаш том, халық жауы атанған Ақназарды ату жазасына бұйырмайды. Ол түрмеден түрмеге түседі, бірақ жарық дүниеде жер басып, тірі жүргенге не жетсін. Ақназар ат құлағында ойнаған. Мәскеуде Қазақстан күндері өткенде тұтқын шабандозды айдауыл күзетпен әкеп, ат үстіндегі түрлі сайысқа қатыстырыпты. Ләйләның әкесінің ВДНХ-дан орден алған, ат үстінде қылышпен түскен суреті көрмеде тұр. Әкесі әкімшілік жүйеге бағынғысы жоқ азат мінезімен заманының елеулі кейіпкері болды. Радио қойылымды тыңдаған соң курстасы Сләмбек Жұмағұлов Ләйләға: «Сен бандының қызы екенсің ғой!» – деп қайран қалып айтқаны бар.

### Интернаттағы театр

Әкесі түрмеден шыққан соң отбасы Алматыға көшіп келді. Соғыстан соңғыон жылда тұрмыс ауыр кезең, дәрігерлерге бала туғысы келмейтінін айтыпты. Сонда түс көріп, түсінде бармақтай қыз: «Өлтірме мені!» – деп шырылдаған екен. Анасы шошып кетіп, райынан қайтады. Қисан нағашысы жасында грузин актрисасы Лейло Абашидзеге ғашық болыпты, періштесі қорғап аман қалған нәресте қыздың есімін Лейло қойған. Майра Омарбаева,

Асқар Тоқпанов, Нұрғиса Тілендиев Ләйланың анасы Шариманды әдемілігі үшін «Біздің Қыз Жібек жеңеше» деп атаған. Шариман балаларын асырау үшін күндіз мектепте мұғалім, кешкілік Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрында билет тексеруші болып істеді. Қаршадай қызы Ләйлә театр репертуарын жатқа білетін. Ел таныған үлкен талант иелері сүйкімді қыз баланы көрсе-ақ, Шариманға: «Мына қызың артист болады!» – деп көріпкелдік айтудан жалықпайды. Өткен ғасырдың 60-жылдары Алматыда қазақ мектебі атымен жоқ. №12 қазақ орта мектебі кейінірек ашылды. Анасы Ләйләны бір интернатқа, бауырын екінші интернатқа берді. Интернатта басына орамал тағып жүрді, аяғы тонатын. Бір бөлмеде 20 қыз тұрды. Театрдан несі кем? Түн ішінде Ләйлә спектакль қояды, айтар сөзді өздері ойлап табады. Қиял қанаты көкке ұшырып, жерге қондырады. Интернат ерте катаятты, шынығуға себі тиді. 1977 жылы Құрманғазы атындағы консерваторияның артистік бөліміне, Хадиша Бөкееваның курсына қабылданды. Мәскеулік театр оқуына іріктеу жүріп жатты, Хадиша апайдың шәкірті Әшірбек Сығаев Ләйләны шалғайға жібермей қойды. Көлденең жұрт көзіне тез шалынар көрікті жас қыздарды өз ұясында ұстауды жаны қаласа керек.

Елге гастрольге шыққанда Ақназардың тұқымы бар екенін әйгілі артистерден естіп, рулас шалдар ерекше қуанды. Анасы әкесінің кім екенін айтпаса да, ел адамдары айтып берген. Мұғалім, оқытушы қауымның білім беру деңгейі өте жоғары. Білім мен өнер қуған талапты жастардың бағы жанатын. Театрдың атасы – сөз өнері. Ләйлә әдебиет пен тарихқа ықыласты студент болды. Ол I курста режиссер Мұрат Омаровтың қыскаметражды «Бізғар» атты фильміне, Амангелді Тәжібаевтың «Дала хикаялары» атты фильміне түсті.

### **«Әкеңнің айлары мен күндері»**

Джинсы шалбар кию сәнге айналған. Ел шетелден әкеп, қара базарда удай бағаға сатады. Курстас қыздар түнде жуылған шалбарын таңертең кеппесе де, дымқыл күйінде үтіктеп, аудиторияға киіп кете беретін. Ләйлә ана сандығынан алып, бархаттан костюм, қреп матадан бір түнде әдемі көйлек тігіп киетін. Ұзамай қыздар күйеуге шығуды бастады. Ләйлә да сүйген жігітімен, Мұрат Әбзелбаевпен отбасын құрды. Мұхтар Әуезов атындағы академиялық театр ашыларда Ләйлә Ошта фильмге түсіп жүрген. Дәмеш Рахманқұлқызы Арынғазиева шәкіртіне «Алматыға тез жет» деп телефон шалып, жаңалық айтты: «Жаңа театрға қабылдауға кастинг жүріп жатыр, саған хабар айтқызып едім ғой, неге тым-тырыс жатырсың?!». Төртінші курсты бітірген жылы Әйгерімі дүниеге келді. Күйеуі Ләйләны театр мен кино артисі болуға жібергісі жоқ. Жас келіншегі мәдениет министрлігінде жұмыс істеуін қалады, бір премьерасына келмеген. Жұбайының сүйіп қосылған жар мамандығын жатырқауы сүттей ұйыған екі ортаға сызат түсірді. 1982 жылы 5 ақпанда Ләйлә Бекназарды Әзірбайжан Мәмбетов Мұхтар Әуезов театрының труппасына қабылдады. Жұлдызы жанды. Бұл театр кілең талантты артистердің ұйыған ортасы. Театр өнерін Қазақстанда

алғаш құрған адамдардың ордасы. Ел текке «әкемтеатр» деп әспеттей айтпайды. Мұнда Ләйлә Ақназарқызы қазақ театрына реформа, оң өзгеріс жасаған тұлға Әзірбайжан Мәмбетовтың шеберлік мектебінен өтті. Театр шығармашылық тұлға, жаны таза Әзекеңнің үйіне айналып кеткен. Жазушылар Одағының «Қаламгер» кафесіне театр артистері келсе, Асқар Сүлейменов: «О, Әзекеңнің айлары мен күндері келе жатыр!» – дейтін. Лейлә Бекназар Ыдырыс Ноғайбаев, Фарида Шәріпова, Әнуар Молдабеков, Торғын Тасыбекова, Сәбит Оразбаев, Құман Тастанбеков сияқты дарын иелерімен әріптес болды.

### **Шекеге қылыш тигенде**

Артист. Артист. Жарқырап тұрған соң тұлғасына түсер артық назар, сұқ көз көп. Оның сахнадан тыс жеке басының өмірі драмалық сипат алса не істейді?!

«Да, я устал, и сердце стеснено!

О, если кончить как-нибудь скорее!

Актер... актер...

Как глупо, как смешно!

И что ни день, то хуже и смешнее!» (К.Случевский).

Ақын шыншыл жыр арқылы тағдыр шіркін кермек татып, дағдарыс бұған екіталай қатерлі кезеңді айқын суреттейді. Катарсис – трагедияның құпия үкімі, рух тазарудың жанкешті сұлулығы. Адам құса-мұннан не сынып кетеді, не қаршығадай атылып, жаңғыра түлеп шығады. Ләйлә наурыздың нуымен, көкшіл гүл бұта шешек жарған хош иістің құдіретінен, аналық мейірімі қуат беріп, үлкен құсадан арылды. Түсінде қалаға таудан қопарылып сел келе жатыр екен, қанатты аппақ аттың арқасында жоғары ұшып барады. Өмірдің ескі соқпағын өзгерт деп тылсымнан берілген символдық нышанды ұқты. Көрнекті театр режиссері, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Юрий Иванович Ханингамен тойда танысты, тұрмыс құрды. Елордада Қазақ Ұлттық Өнер университетінде кафедра ашты. Ләйла Ақназарқызы екі оқу құралының авторы, профессор. Студенттеріне әуелі өз ұлтыңның өнерін білу керек деп үйретеді. Сахнада жарқ етіп, биік шырқауға қанаты талмас шәкірттер дайындады. Есіл жағасында кенже қызы Томирис дүниеге келді. Астанаға келген соң бірнеше телесериалға түсті. Еліміз тәуелсіздік алған соң Астана қаласына Елбасының шақыртуымен келген Әзірбайжан Мәмбетов өз шәкірті Жақып Омаров іргесін қалаған Қ.Қуанышбаев театрына үлкен жол ашып кетті. Әзекең Елордада «Ваня ағай» атты спектаклін әуелгі ахуалын сақтап, мизансценаны өзгертіп, камералық қылып шығарды. Ол Ләйләға Елена Андреевна рөлін беріп: «Ол үнемі болмысын нақты нұсқады. Даңқты режиссер спектакльдің жағдайын жасай білетін. Сондықтан таңдаулы шебермен бірге жұмыс істеген барлық артистер өзін бақытты санайды. «Қан мен тердің» сахналық нұсқасында Әзірбайжан Мәдиұлы

Ақбала рөлін Ләйләға берді. «Қара қыпшақ Қобыланды» атты пьесада Қарлыға рөлінде қылыш шекесіне тиіп, қан бұрқ ете қалған. Ләйлә сахнада қолы қан, сұлқ құлай бастаған. Күйеуі Юрий Ханинга-Бекназар залда көріп отырып, «Қандай керемет мизансцена!» – деп ойлапты. Жарақат алғанын елемей, Ләйлә премьерда шебер ойнап шықты. Астананың М.Горький атындағы орыс академиялық драма театрында Ләйлә Бекназар-Ханинга әріптесі Ақыш Омар екеуі Мольердің «Тартюф» атты әйгілі комедиясында басты рөлдерді ойнады. М.Шаханов, «Шыңғысханның соңғы күндері» – Акерке, Д.Исабеков, «Алтын тордағы тоты» – Актриса рөлі үшін «Халықаралық театр фестивалінде «Ең үздік актриса» атағын алды.

Қаллеки театры Жан Мари Шевренің «Ізгілік формуласы» атты драмасын Алматыда қойды. Белгілі журналист Айгүл Аханбайқызы: «Спектакль бірсарынды басталғанда селсоқ қарап отырдым. Ләйлә Бекназар-Ханинга шыққанда сахна кенет өзгеріп сала берді. Ішкі қуаты мол артист екен. Бәрі қозғалысқа келіп, жан біткен сияқтанды. Бір адамның ойыны арқылы. Мен бір артистің спектакльді өзгерте алатынына қайран қалдым. Ләйлә Бекназар-Ханинганы бұрын білмей келгеніме өкіндім», – деп жазды.

### **«Артист болу оңай» деген ой жаңсақ**

Ләйлә Ақназарқызы «актер», «актриса» деген сөзді жақтыртпайды. Актер – орындаушы, артист – суреткер, арасы жер мен көктей. Бір рөлді шынайы шығару үшін қаншама іздену, кітап оқу керек. Артистік мамандық – өмір-бақи ізденіс, ізетті құлшыныс. Ләйләның үлкен сахнадағы ұмытылмас келбеті биік талғам мен қуатты білім арқылы қалыптасқанына еш шүбә жоқ. Артистке қажет табиғи дарын, көрік, сыртқы фактураны құрғақ малдану аздық етпек. Оның тағы бір игі қасиеті сахнадағы әріптесін ессіз сүйеді, оған деген махаббат мүлде басқа махаббат. Жағымды кейіпкер, жағымсыз кейіпкер дегенді түсінбейді. Кейіпкерін айыптап тұрып, ақтап алу қажет. Образда монолог, сүйреткі, аура болады, сахнаға артист өзімен бірге ала келеді. Көрермен тынысын әрқашан сезінеді. Сахнадан қорықсаң, ол сені жұтып қояды. Сахнаны өзіңе бағындыруың керек. Патшайым сияқты. Артистке ішкі күш, жігер қажет. Спектакль біткен соң Ләйлә Ақназарқызы көпке дейін кетпей отырады. Алматыда, әсіресе, жаңбыр жауғанда спектакльден соң асықпай, көшемен жаяу қайтуды жаны сүйетін. Мүмкін, асқақ мұрат, әсем қиял, көркем кеңістікпен байланыс жер мен көк дымқыл көрікке елтігенде орнайды, адам жүрегін ерен сүйіспеншілікке бөлейтін қасиет со замат шүпілдей тамылжитын болар. Артистік мамандық оңай деп жаңсақ ойлайды. Үйде де, түзде де сахнадағы бейнемен өмір сүрудің не екенін кейбіреулер қайдан ұқсын. Шын талантты, кәсіби артистер Қазақстанда аз.

«Біздің елде театр өнеріне 100 жыл толған жоқ, драматургия жанры әлі жас. Шындық керек болса, авторы пьеса деп ұсынатын қолжазбаның көпшілігі құр баяндаудан тұрады. Қаншама мәтінді біз, режиссер мен артист қауымы

жанадан жасаймыз. Қайта өндейміз. Кейде драматургтен ырымға түк қалмай қалады. Премьера дүркіреп өткен соң автор неткен керемет драматургпін деп ойлайды. Сөйтіп жатып кеп мақтанады. Кейде режиссер де артист қауымы есебінен көгеретіні бар. Үлкен экспансия жасайды. Театр бір отбасы деп қате ойлайды, онда театр құри бастайды. Мұнда туысқандық сезім жүрмеуі тиіс. Мен ондайды түсінбеймін», – деп сын айтты Ләйлә ханым. Оның елгезектігін, ақ көңілін, бетке тік айтар мінезін әп-сәтте анық көрдім. Ләйлә Ақназарқызы үш баланың анасы, қызы Әйгерім мен ұлы Абзал отбасын құрған. Кенжесі Томирис кітапсүйгіш, классикалық әдебиетті таңдап оқиды. Ақсаусақ атану Ләйлә Ақназарқызының үш ұйықтаса түсіне кірмейді, ақ дастарханы берекелі. Кішкентай немерелері мен жасөрім жиендері қонаққа келген сайын әжесінің өз қолымен пісірген дәмді асына тұра-тұра ұмтылады. Үй шаруасына ерен тиянақтылық, тазалыққа құштарлық қасиет әйел затының мәртебесін асырады. Мұны артистік өмірінен бөліп-жарып қарамайды. Оның биік кәсіби имиджі айқын.

Табиғи дарынмен қоса үздік драмалық образ жасауда аянып қалмас адал еңбекқорлық қасиетінің арқасында Ләйлә Бекназар-Ханинга есімі Қазақстан Республикасына танылды. Ол Қазақстан Жастар одағы сыйлығын алған, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері атанған, «Құрмет» орденін омырауына таққан. Театр тұлғалары Хадиша Бөкеева, Бикен Римова, Асанәлі Әшімов, Гүлжан Әспетова, Рубен Андриасян, Әшірбек Сығай Ләйлә Бекназар-Ханинганың дарынын дара бағалап, баспасөз арқылы шынайы құрмет-қошеметін білдірді.